

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

О. Байқоңыров атындағы Тау-кен металлургия институты

«Металлургиялық процестер, жылу техникасы және арнайы материалдар  
технологиясы» кафедрасы

**Мендеке Медет Алханұлы**

«Сильвинит өндірісінің технологиясын жасау»  
тақырыбына

**ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС**

5B070900 – Металлургия

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ө. Байқоңыров атындағы Тау-кен металлургия институты


«Металлургиялық процестер, жылу техникасы және арнайы материалдар  
технологиясы» кафедрасы

**ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ**

МГДЖ және АМТ кафедра  
меңгерушісі PhD докторы,

техн. ғыл. кандидаты,

қауымдас-ған профессор

 Чепуштанова Т.А.

« 13 » 05 2019 ж.

### ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС


«Сильвинит өндірісінің технологиясын жасау»  
тақырыбына

5B070900 – Металлургия

Орындаған:

Мендеке М.А.

Ғылыми жетекші Ph.D.

 Байгенженов Ө.С.  
« 13 » 05 2019 ж.



Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

Ө.А. Байқоңыров атындағы Тау-кен металлургия институты

«Металлургиялық процестер, жылутехникасы және арнайы материалдар технологиясы» кафедрасы

5B070900 – «Металлургия»

**БЕКІТЕМІН**

МГДЖ және АМТ кафедра

менгерушісі PhD докторы,

техн. ғыл. кандидаты, қауымдас-ған

профессор

Чепуштанова Т.А.

«13» 05 2019 ж.



**Дипломдық жұмыс орындауға**

**ТАПСЫРМА**

Білім алушы Мендеке Медет Алханұлы

Тақырыбы «Сильвинит өндірісінің технологиясын жасау»

Университет ректорының «08» қазан 2018 ж. № 1113-б бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі «30» сәуір 2019 ж.

Дипломдық жобаның (жұмыстың) бастапқы мәліметтері: титан өндірісінің қалдықтары, титан хлораторының қалдық балқымалары, карналлиттік электролизерлар, калий мен магний хлоридтері, натрий хлориді, шаймалау процесіне арналған құрылғылар.

Есеп-түсініктеме жазбаның талқылауға берілген сұрақтарының тізімі мен қысқаша диплом жұмысының мазмұны:

- кіріспе, жұмыстың өзектілігі және тәжірибелік маңыздығы көрсетілген;
- аналитикалық бөлім, жұмыс тақырыбы бойынша әдеби шолу көрсетілген;
- тәжірибелік жұмыс, өзекті ерітіндіден KCl кристалдарын бөліп алу кезінде қайта өзгерулер зерттелінді;
- қорытынды.






Графикалық материалдардың тізімі (міндетті түрде қажет сызбалар көрсетілген): жұмыстың тақырыбы бойынша қорытындыны қоса 15 слайд.

Ұсынылған негізгі әдебиеттер: 29 амау

**Дипломдық жұмысты (жобаны) даярлау  
КЕСТЕСІ**

№ п/п	Бөлім атаулары, дайындалатын сұрақтардың тізімі	Ғылыми жетекшіге, кеңесшілерге өткізу мерзімі	Ескерту
1	Кіріспе	8.02.2019	
2	Аналитикалық бөлім	22.02.2019	
3	Тәжірибелік бөлім	19.03.2019	
4	Экономикалық бөлім	6.05.2019	
5	Еңбекті қорғау	5.05.2019	
6	Қорытынды	6.05.2019	
7	Норма бақылау	7.05.2019	

Жұмыс (жоба) бойынша оларға қатысты бөлімдердің көрсетілуімен кеңес берушілердің қолтаңбалары

Бөлім атауы	Ғылыми жетекші, кеңесшілер (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қолтаңба қойылған мерзімі	Қолы
Аналитикалық бөлім	Байгенженов Ө.С. Ph.D докторы	22.02.2019	
Тәжірибелік бөлім	Байгенженов Ө.С. Ph.D докторы	19.03.2019	
Қорытынды	Байгенженов Ө.С. Ph.D докторы	6.05.2019	
Экономикалық бөлім	Байгенженов Ө.С. Ph.D докторы	6.05.2019	
Еңбекті қорғау	Байгенженов Ө.С. Ph.D докторы	5.05.2019	
Норма бақылау	Көккөзов Д.Қ. техника және технология магистрі		

Ғылыми жетекші  (Байгенженов Ө.С.)

Студент тапсырманы орындауға алды  (Мендеке М.А.)

Күні " 18 " 01 2019

## АНДАТПА

Дипломдық жұмыс тапсырмадан, кіріспеден, 4 бөлімнен, қорытындыдан, әдебиеттер тізімінен тұрады. Жұмысқа компьютерде терілген 26 бетте компьютерлі терумен жазылған, 10 суреттер, 17 кесте кіреді. Әдебиеттер тізімі 29 атаудан тұрады.

Негізінде калий тұздарын минералды тыңайтқыштар ретінде қолданады. Калий өнеркәсібінің негізгі өнімі калий хлориді болып табылады, оның шамамен 95 пайызы тыңайтқыш ретінде, ал қалған 5 пайызы КОН және басқа қосылыстар өндірісінде қолданады.

Калийді өндіру процесін зерттеу үшін титан өндірісінің қалдықтары қолданылды. Қалдықтардан калий тұздарын бөліп алу қазірге дейін өнеркәсіптік дәрежеде әлі жасалынбаған.

Дипломдық жұмыстың мақсаты калий тұздарын яғни силвинит өндірісін Қазақстан аумағында қолдану, қалдықтарды өңдеу технологиясын зерттеу болып табылады.

## АННОТАЦИЯ

Дипломная работа состоит из задания, введения, 4 раздела, заключения, списка литературы. В работу входят 10 фотографии, 17 таблиц, написанные компьютерным набором на 26 страницах, набранных на компьютере. Список литературы состоит из 29 наименований.

В основном калийные соли используют в качестве минеральных удобрений. Основной продукцией калиевой промышленности является хлорид калия, около 95 процент которого используют в качестве удобрений, остальные 5 процентов производстве КОН и других соединений.

Для изучения процесса производства калия использовались отходы титанового производства. Выделение калийных солей из отходов до сих пор не производилось в промышленной степени.

Целью дипломной работы является изучение технологии переработки отходов, использование калиевых солей силвинита на территории Казахстана.

## ANNOTATION

The work consists of tasks, introduction, 4 sections, conclusion, list of references. The work includes 10 photos, 17 tables written by a computer set on 26 pages typed on a computer. The list of references consists of 29 items.

Basically, potassium salts are used as mineral fertilizers. The main products of the potassium industry is potassium chloride, about 95 percent of which is used as fertilizers, the remaining 5 percent in the production of KOH and other compounds.

Titanium waste was used to study the process of potassium production. Isolation of potassium salts from waste has not yet been carried out in an industrial degree.

The aim of the thesis is to study the technology of waste processing, the use of potassium salts of silvinit in Kazakhstan.

## МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	
	Әдебиеттің аналитикалық шолуы	8
1	Шикізат көздері және калий хлоридін алу тәсілдері.	11
1.1	Еріту және бөлек кристаллизациялау	12
1.2	Хлорлы калийді кристаллизациялау	14
1.3	Калий кендерін флотациялық байыту арқылы хлорлы калий алу	15
2	Титан хлораторларының қалдық балқымаларын өңдеу	18
2.1	Бастапқы шикізаттың сипаттамасы.	18
2.2	Шаймалау процесінің термодинамикалық заңдылықтары	18
2.3	Титан хлораторларының қалдық балқымаларын шаймалаудың технологиялық зерттеулері	19
2.3.1	Нәтижелер және оларды талқылау	20
2.4	Сильвин ерітінділерін қоспалардан тазарту	21
2.4.1	Ерітіндіні кальцийден тазарту.	22
2.4.1.1	Нәтижелер және оларды талқылау	22
2.4.2	Ерітінділерді сульфат иондарынан тазарту	24
2.4.2.1	Нәтижелер және оларды талқылау	24
2.4.3	Ерітінділерді темірден тазарту	26
2.4.3.1	Тотығу әдістемесі	26
2.4.3.2	Нәтижелер және оларды талқылау	26
2.4.4	Гидролитикалық тазалау әдістемесі	27
2.4.4.1	Нәтижелер және оларды талқылау	28
3	Экономикалық бөлім	29
3.1	Зерттеу жұмысын жүргізуге жұмсалған шығындарды есептеу	29
3.2	Негізгі және қосалқы материалдар шығынын есептеу	29
3.3	Электрэнергияға кеткен шығынды есептеу	29
3.4	Салқын суға кеткен шығынды есептеу	30
3.5	Жалпы шығын сомасын есептеу	30
4	Қауіпсіздік және еңбекті қорғау	31
4.1	Кәсіпорынның жалпы сипаттамасы	31
	Қорытынды	33
	Пайданылған әдебиеттер тізімі	34



## КІРІСПЕ

**Ғылыми техникалық проблемалардың заманауи күйі.** Қазіргі уақытта Қазақстан бұрынғы Кеңес Одағының шығысындағы фосфор тыңайтқыштары өнеркәсібінің маңызды шикізат базасы болып табылады. Маңызы жағынан Ресейдегі Қола түбегіндегі Апатит комбинатынан кейін екінші орын алады. Қоры бойынша Қаратау фосфорит бассейні Марокко, АҚШ және Тунис кен орындарымен бір қатарда тұр. Тараз суперфосфат зауытында республикамызда бірінші рет тыңайтқыштың күрделі түрі - құрамында азот

(12-13 пайыз) және фосфор ( $P_2O_5$  – 47 пайыз) бар тыңайтқыш алынды. Жаңатас, Ақсай, Көкжой, Шолақтау, Түйесай кендерінің карьерлерінде жүргізсе, қазір Ақтөбе облысындағы фосфориттер екінші фосфатты шикізат базасы болып отыр. Оның жалпы қоры 1,5 млрд т-ға жетеді.

Минералды тыңайтқыштар – құрамында өсімдікке қажет элементтері бар бейорганикалық заттар. Минералды тыңайтқыштар топырақтың құнарлылығы мен ауыл шауашылығы дақылдарының өнімі мен сапасын арттыру үшін қолданылады. Минералды тыңайтқыштарды дұрыс пайдалану дақылдардың өнімін арттырумен қатар, оның түсімінің сапасын жақсартады, топырақты қоректік элементтермен байытып, микробиологиялық процестерге әсер етеді.

Минералды тыңайтқыштар деп – ауыл шаруашылығы дақылдарының тұрақты өнімдерін алу мақсатында топыраққа енгізілетін құрамында өсімдіктердің қоректенуіне қажетті элементтері бар тұздарды айтады. Олар химия өндірісінің көп тоннажды өнімі, жыл сайын жүздеген миллион тыңайтқыш өндіріледі.

Минералды тыңайтқыштар аз ғана гигроскопиялық сақтағанда бұзылмайтындай, оңай енгізілетіндей, топыраққа енгізгенде жақсы таралатындай болу керек. Мұндай талаптарға гранулденген тыңайтқыштар жауап береді. Минералдық тыңайтқыштардың құрамы, ондағы элементтермен сипатталады:

- а) азот тыңайтқышында — азот;
- ө) калий мен фосфор тыңайтқыштарында — калий мен фосфор

Өсімдіктер ұлпаларының түзілуіне, оның өсуіне және дамуына шамамен 70-ке жуық элемент қатысады. Олардың ішінде азот, фосфор және калий элементтері маңызды болып табылады, оларға өсімдіктің зат алмасуы және өсуі тәуелді. Азот белок пен хлорофилл құрамына кіреді және фотосинтез процесіне қатысады. Фосфор қосылыстары көмірсулар мен азот құрамдызаттардың айналу процестеріне қатысып, өсімдіктердің көбеюі мен тыныс алуында маңызды рөл атқарады. Калий өсімдікте ететін тіршілік процестерін реттейді, су режимін жақсартады, зат алмасу мен өсімдік ұлпасында көмірсулардың түзілуіне себепші болады [1].

Өсімдіктер оттек, көміртек және сутектің негізгі массаларын — ауа мен судан, ал қалған элементтерді топырақтан алады. Мәдени егін

шаруашылығының қазіргі масштабында табиғаттағы қоректік элементтердің табиғи айналымы бұзылған, өйткені олардың біраз бөлігі астықпен бірге кетіп топыраққа оралмайды.

Минералдық тыңайтқыштар өндірісі үшін әр түрлі шикізаттар қолданылады. Белгілі бір өнімді әр түрлі технологиялық процестерді пайдаланып, түрлі шикізаттан алуға болады. Минералдық тыңайтқыштар өндірісінде қолданылатын шикізаттар:

- а) табиғи минералдар (апатиттер, фосфориттер, сильвинит, карналлит);
- ө) атмосфера (ауадағы азот);

б) химиялық және өнеркәсіптің басқа салаларының өнімдері және жартылай өнімдері;

в) басқа өндірістің (фосфаттық қождар) қалдықтары. Минералдық тыңайтқыштарды алу үшін қолданылатын шикізаттар бірнеше компоненттерден тұрады, сондықтан шикізаттың барлық құрамды бөліктерін пайдалану үшін өндірісті кешенді түрде ұйымдастырады. Көптеген минералдық тыңайтқыштардың өндірісі минералдық тыңайтқыштарды өндіруде шикізат ретінде қолданылатын өнім шығаратын басқа химиялық өндірістермен қатар салынады. Мысалы, суперфосфат зауытын күкірт қышқылын өндіретін зауытпен қатар салады, аммоний нитратын өндіретін цехты аммиак пен азот қышқылын синтездейтін цехпен, карбамид өндірісін аммиак өндірісімен және тағы сол сияқты біріктіреді [2].

Кез келген өсімдікке калий өте қажет. Калий жетіспесе, фотосинтез қарқыны төмендейді. Калий жеткілікті болса, өсімдікте крахмал, қантты зат, май түзілуі жоғарылайды және картоп, күнбағыс, жоңышқа, қызылша сияқты есімдіктердің өнімділігі едәуір артады. Топырақта болатын калий, көбінесе органикалық тыңайтқыштар — қи, өсімдік күлі арқылы топыраққа түседі. Калий тыңайтқышының негізгі шикізаты шөптесін және ағаш типтес өсімдіктердің күліндегі карбонат  $K_2CO_3$  түрінде болады. Калий тыңайтқышының көндеріне сильвинит және карналит жатады. Сильвинит дегеніміз — калий хлориді мен натрий хлоридінің біріккен тұзы  $NaCl-KCl$ , сол сияқты карналлит те қос тұзы  $KCl-MgCl$ . Калий тыңайтқышына калий хлориді  $KCl$  және калий нитраты  $KNO_3$  жатады. Олар ақ түсті кристалл заттар.

**Жұмыстың өзектілігі.** Соңғы жылдары минералдық шикізаттарды кешенді қолдану және қоршаған ортаны қорғау бойынша шараларды тиімді өндіруге үлкен көңіл бөлінеді. Бұл әртүрлі жолдармен жасалады, оның ішінде өндіріс қалдығынан пайдалы өнімдерді қатар алу есебінен де орындалады. Зерттеу үшін "Өскемен титан-магний комбинатының" (ТХҚБ) титан хлораторларының қалдық балқымалары алынды.

**Дипломдық жұмыстың мақсаты** – титан хлораторларының қалдық балқымасынан калий қосылыстарын шаймалау және алынған ерітіндіден калий хлоридін бөліп алу.

**Зерттеу объектісі:** "Өскемен титан-магний комбинатының" (ТХҚБ) титан хлораторларының қалдық балқымалары алынды

## 1 Шикізат көздері және калий хлоридін алу тәсілдері.

Жер қыртысында калийдің құрамы шамамен 1,49 пайызды құрайды. Калий алюмосиликаттардың, далада жиналатын шпаттың, граниттің, лейциттің, гнейстың, қатты пайдалы қазба тұз шөгінділерінің және теңіздік пен континенталдық тұздықтардың құрамына кіреді. Топырақты құрайтын бөлігі, әсіресе сазды заттар, калийді белсенді ұстап қалады (сорбция арқылы), бұл өсімдіктердің өсуіне өте маңызды әсерін тигізеді. Топырақтың мұндай қасиетінің арқасында калийдің шайылуы баяу жүреді, нәтижесінде табиғи сулардағы оның құрамы, әдетте, натрий мен магний тұздарына қарағанда көп есе аз болады. Калий өнеркәсібі өнімдерінің негізгі түрі хлорлы калий болып табылады, оның 90-95 пайызы минералды тыңайтқыш ретінде пайдаланылады, ал қалған 5-10 пайызы күйдіргіш калийге және калийдің басқа қосылыстарына өңделеді. 2 кестеде хлорлы калийдің негізгі, кең таралған минералдары берілген [1].



1 сурет – Сильвинит

### 1 Кесте – Хлорлы калий табиғи минералдары

Минерал	Құрамы
Сильвин	KCl
Карналлит	$KCl \cdot MgCl_2 \cdot 6H_2O$
Каинит	$KCl \cdot MgSO_4 \cdot 3H_2O$

Калий тұздары негізінен минералды тыңайтқыштар ретінде қолданылады. Калий кендері оларда қандай да бір минералдардың басым құрамы бойынша анықталады. Ангидрит,  $MgCO_3$  және сазды қоспалары бар сильвин (10-60 пайыз)


мен галиттен (25-70 пайыз) тұратын кенді сильвинит деп атайды. Карналлит қатпарлары бар немесе сильвиниттің карналитпен қоспасы кездеседі. Сильвинитті, карналитті кендерін KCl-ға өңдеу келесі әдістермен жүргізіледі:

1) кеннің құрамындағы тұздардың температуралық ерігіштік коэффициентінің әртүрлігіне негізделген еріту және бөлек кристаллизациялау (бұл әдісті жылулық немесе галургиялық деп те атайды);

2) кенді механикалық байыту, ең бастысы флотациялау; калий кендерін байыту кезіндегі гравитациялық сепарация әдісі кең таралмаған;

3) флотациялық байытуды еріту және кеннің ұсақ фракцияларын кристаллизациялаумен қиыстыру;

4) кенді жерасты шаймалап, тұздықты буландыру және кристаллизациялау арқылы өңдеу. Бұл әдіс тек қана терең терендікте кездесетін кенді өңдеу кезінде ғана Канадада қолданылады.



2 сурет – Хлорлы калийді өндіру технологиясы

### 1.1 Еріту және бөлек кристаллизациялау

Еріту және кристаллизациялау әдісімен KCl-ды алу негізінде KCl – NaCl – H<sub>2</sub>O жүйесінің қасиеттері жатыр. Қаныққан ерітіндіні салқындатқан кезде тұнбаға тек қана KCl түседі. KCl-мен қаныққан ерітіндіге қатты NaCl-ды

қосқанда, КСІ-дың бір бөлігі тұнбаға ығысады. Сильвиниттен КСІ-ды толық бөлу үшін оның циклға берілетін мөлшері айналымдағы сілтілік ерітіндінің мөлшеріне сәйкес болу қажет.

Сильвинитті кендерді өңдеудің принципіалды сызба-нұсқасы келесі негізгі операциялардан тұрады:

1) КСІ-ды кристаллизациялаудан кейін алынған ыстық өзекті ерітіндімен ұнтақталған сильвинитті шаймалау; бұл кезде сильвиниттен КСІ ерітіндіге өтеді, ал NaCl толығымен үйіндіде қалады;

2) үйіндіден ыстық сілтілік ерітіндіні бөліп алу және оны ұсақ қатты бөлшектерден (лай және тұзды шлам) тазалау;

3) КСІ-дың кристаллизациясымен жүретін сілтілік ерітіндіні салқындату;

4) өзекті ерітіндіден КСІ кристалдарын бөліп алу, кептіру;

5) сильвиниттің жаңа бөліктерінен КСІ шаймалауға қайтарылатын өзекті ерітіндіні қыздыру.

Еріту және кристаллизациялау әдісі бойынша сильвинит кенінен калий хлоридін өндіру негізінде осы принципіалды сызба-нұсқада жатыр. Технологиялық сызба-нұсқадағы және процестің режиміндегі кейбір айырмашылықтар шикізаттың құрамының өзгеруімен және әртүрлі конструкциялы аппараттарды қолданумен түсіндіріледі.

Айналымдағы сілтілік ерітіндіде сильвинді еріткен кезде үйіндіде калийдің құрамы минималды болып, КСІ бойынша қаныққан сілтілік ерітінді алу қажет. Сонымен қатар қарқындылығы жоғары еруді қамтамасыз ету керек. Басқа шарттары бірдей болғанда, кеннің ұнтақталу дәрежесін жоғарылатқанда еру қарқындылығы артады. Бір жағынан 0,2 мм фракциялардың болуы қажет емес, өйткені сильвиннің құрамындағы жұқа дисперсті бөлшектер еріткіштерден тұзды шлам түрінде сілтілік ерітіндімен шығып, үйіндіде қалады.


Ерітудің температуралық режимі маңызды рөл атқарады, себебі температура жоғарылаған кезде КСІ қанығу концентрациясы көтеріледі және еру жылдамдығы артады. Ерітуді атмосфералық қысым астындағы аппараттарда жүргізгендіктен ыстық сілтілік ерітіндінің шекті температурасы 100-103 °С, бұл температураға қанығу концентрациясы КСІ 270 г/л және NaCl 210 г/л сәйкес келеді. Ыстық сілтілік ерітіндінің температурасын 5-10 °С төмендеткенде КСІ мөлшері 245-250 г/л-ге дейін азаяды, бұл айналымдағы сілтілік ерітіндінің бірлік көлемінен калий шығынын төмендетеді.

Көптеген калий фабрикаларында сильвинитті кендерді шаймалау шнекті еріткіштерде іске асырады, ұзындығы 22-24 м горизонталды астау тәрізді араластырғыш, пульпаны араластыруды және тасымалдауды горизонталды білікте айналатын шнекті спираль арқылы іске асырады. КСІ еруінің эндотермиялық эффектісімен болған жылудың шығыны, салқын сильвинитті енгізу және аппараттың қабырғаларымен қоршаған ортаға жылудың берілуі, будың берілуімен немесе қысым астында еріген сілтінің қызуымен толықтырылады.

Кішігірім масштабтағы өндірістерде барабанды еріткіштерді қолданады, онда кен мен сілтілік ерітінді параллель жылжиды. Шнекті еріткіштерге қарағанда барабанды еріткіштердің меншікті өнімділігі 30-40 пайызға төмен, электрэнергия шығыны бірнеше рет жоғары (шнектіде 1 т/кенге ~ 0,25 квт·сағ орнына 1 т/кенге ~ 1 квт·сағ жұмсалады). Кемшілігі: қарсы ағынды ерітуді жүргізу мүмкіндігінің болмауы және сілтілік ерітіндімен сильвиннің жұқа фракцияларының шығуы.

## 1.2 Хлорлы калийді кристаллизациялау

Қазіргі калий өндірістерінде кристаллизациялауды ерітінді буының жылуын рекуперациялаумен көпсатылы вакуум-кристаллизациялық қондырғыларда жүргізеді. Мұнараларда суыту тозаңдатылған ерітіндінің өздігінен булануы кезінде жүреді, хлорлы калийдің бөлінген кристалдары мен сілтілік ерітінді мұнараның төменгі жағына жиналады және тұндырғыш станцияға жібереді. Сыртқы ауа мен салқындатылған ерітінді арасындағы температураның айырмашылығы жазда 10-15 °С, ал қыста 25-35 °С құрайды. Ал үздіксіз жұмыс істейтін көпсатылы вакуум-кристаллизациялық қондырғылар кенді шаймалау кезіндегі сілтілік ерітіндіні қыздыруға жұмсалатын 40-70 пайыз жылуды рекуперациялауға мүмкіндік береді. Ірі кристалдарды алу үшін екі типті аппараттар қолданады - «Кристалл-Осло» типтегі қатты аспалы қабаты бар кристаллизаторлар және «ДТВ» типтегі суспензия айналатын кристаллизатор (3сурет).



3 Сурет – Кристаллизацияны реттеуге арналған кристаллизатор «Кристалл» (А) және кристаллизатор ДТВ (Б)

### 1.3 Калий кендерін флотациялық байыту арқылы хлорлы калий алу

Қаныққан тұзды ерітінді ортада кеннің суда ерігіш минералдарының флотациялық немесе флотогравитациялық бөлуге негізделген флотация әдісі, бұл кезде көбіршік өнім ретінде әдетте сильвин немесе басқа калий минералдары болады. Бұл әдіс Бразилия, АҚШ және Канадада қолданылады. Ол қаныққан тұз ерітіндісі ортасындағы суда еритін кен минералдарының флотациялық немесе флотогравитациялық бөлінуіне негізделген. Өндірістік процестің негізгі кезеңдері келесі операцияларды қамтиды:

1) кенді құрғақ және ылғал ұнтақтау. Кеннің құрамына кіретін минералдардың механикалық қоспасының түзілуін қамтамасыздандыратын бөлшектердің өлшеміне дейін бастапқы кенді ұнтақтау. Сильвинитті флотациялау кезінде 1-3 мм-ге дейін ұнтақталғаны дұрыс, одан да ұсақ ұнтақтаса шламмен бірге жоғалуы артады және өнімнің сапасы нашарлайды. Бірақ, сильвин кесектерінің ашылу дәрежесі 90 пайыздан жоғары болу керек. Егер флотацияға өлшемдері 0,8-1 мм-ден төмен түйіршіктерді берсе, оны ұсақ түйіршікті, ал ірілігі 2 мм-ден жоғары болса ірі түйіршікті деп атайды. Сильвинитті кенді флотацияға дайындауға бөлшектердің өлшемін 15 мм-ге дейін кенді ұсақ және орташа құрғақ ұсақтау жатады. Олар роторлы ұсақтағыштарда (валды, балғалы және тағы басқа), құрғақ немесе ылғал (тұзды ерітінділердегі кеннің компоненттерімен қаныққан) тіректі немесе шарлы диірмендерде ұнтақтаумен іске асырылады. Кенді классификациялау үшін еңісті вибрациялы гүрсілдерді, доғалы електі, гидроциклондарды қолданады;

2) сазды қоспаларды кеннің бөлшектерінен арнайы араластырғыштарда «тазалау»;

3) сазды шламдарды гидроциклондарда және гидросепараторларда механикалық шламсыздандыру жолымен бөлу. Ұнтақталған кенді шламсыздандыру, яғни флотация үрдісіне кері әсерін тигізетін жұқа дисперсті сазды-карбонатты қоспаларын бөлу, ары қарай суспензияны ажыратуды флотациялық (негізгі флотацияның алдында), гидравликалық (сазды карбонатты және тұзды минералдардың тұну жылдамдығының әртүрлігіне негізделген ұнтақталған кеннің суспензиясын классификациялау арқылы), флотациялы-гидравликалық (алдыңғы екі әдісті біріктіру), гравитациялық немесе басқа да әдістермен іске асырады;

4) шламның көбіктенуін және сазды бөлшектердің бетіне флотореагенттердің сорбциялануын басу мақсатында тұзды пульпаларды арнайы депрессорлы реагенттермен өңдеу;

5) арнайы араластырғыштарға және бір бөлігі тікелей флотомашиналарға берілетін флотациялық реагенттермен тұзды пульпаны өңдеу. Флотация реагентінің құрамына кіреді: негізгі компонент – жинағыш, сильвинді флотациялау кезіндегі  $C_{16}-C_{20}$  көміртекті байланысқан алифатты аминдердің суда ерігіш тұздары, депрессорлар және деактиваторлар (кремний қышқылы, полиакриламид және т.б.) және көпірткіштер (қарағай майы, спирттер және т.б.).

Кейде рН ортаның тиімді мәнін ұстап тұру үшін реагенттер енгізеді. Кеннің минералдарын флотациялық бөлу. Коллекторлар ретінде – сильвин бөлшектерінің бетінің гидрофобизациялануына және олардың ауа көбіршіктеріне жабысуына мүмкіндік туғызатын заттарды, сонымен қатар катионоактивті және ионогенді емес (аполярлы) жоғарғы молекулалық қосылыстар – құрамында 10-22 көміртегі атомы бар біріншілік алифатты аминдердің хлоридтерін немесе ацетаттарын, және парафинді, нафтенді және басқа да көмірсутектерді қолданады;

6) механикалық немесе пневматикалық араластырғышы бар машиналарда жүргізілетін негізгі флотация. Көбіршікті флотация әдісі кеннің суда ерігіш минералдарын қаныққан тұзды ерітінді ортада флотациялық (немесе флотогравитациялық) бөлуге негізделген. Бұл жинағыш реагенттермен калий минералдары бөлшектерінің бетінің селективті гидрофобизациялау нәтижесінде жүзеге асады;

7) өнімдегі калий хлордың құрамын арттыру үшін негізгі флотациядан алынған концентратты қайта тазалау;

8) үйіндімен калийдің жоғалуын төмендету үшін негізгі флотация қалдықтарын қайта флотациялау;

9) қайта тазалау флотациясынан алынған концентратты сүзгіштерде немесе центрифугаларда сусыздандыру және кептіру;

10) қалдықтарды сусыздандыру және оларды үйіндіге жинау;

11) сазды шламды қоюландыру және қарсы ағынды шаю арқылы қайта өңдеу және ылғал концентратты дайын өнімге өңдеу. Сұйық қалдықтарды шығаруды жою үшін арнайы сүзгілерде немесе тұндырғыш типтегі центрифугаларда шламдарды сусыздандыру қажет.

Негізгі және тізбекті көбікті флотациясының көмегімен сазды қоспаларды алдын ала бөле отырып, сильвиниттерді флотациялық байыту схемасы пайдаланылады.

Көбікті флотациясының реагенттері ретінде уайт-спирттің тотығуы кезінде алынған карбон қышқылдарының қоспасы қолданылады. Тізбекті флотациядан кейін сазды шламдарды қоюлатуға және қарсы ағынды шаюға ұшырату талап етіледі, алайда шлам флотациясы кезінде пайда болатын көбіктің бұзылу процесімен байланысты қиындықтар осы операцияларды жүргізуді қиындатады, бұл сұйық фазасы бар хлорлы калийдің елеулі шығындарына әкеп соғады. Кейбір шетелдік кәсіпорындарда кенді қайта өңдеуді флотогравитациялық байытуды көбікті флотациясымен біріктіріп жүргізеді.

Калийді алу дәрежесін арттыру мақсатында сильвиннің кейбір мөлшері бар қалдықтарды термо өңдеу жүргізіледі. Ол үшін галит пульпасын 60-70 °С дейін қыздырады, қатты хлорлы калий ериді, өйткені ерітінді температура жоғарылаған кезде КСІ бойынша қанықпаған болады. Содан кейін ілеспелерді сусыздандыру және оларды үйіндіге тастау жүргізіледі, ал сілтілі ерітіндіні хлорлы калий бөле отырып салқындатады.



Қазіргі заманғы калий фабрикаларында термо-өңдеу кезінде хлорлы калийді салқындату және кристалдануды ірі кристалды өнім алуды қамтамасыз ететін реттелетін кристалдануы бар вакуум-кристалдатқыштарда жүргізеді.

Мұндай іріліктегі материалды флотациялау мүмкіндігі бірінші кезекте кендегі сильвин мен галиттің жекелеген түйіршіктерінің мөлшерімен және олардың өзара өсу дәрежесімен анықталады. Сильвин бөлшектерінің оңтайлы ірілігі ірі түйіршікті флотацияның көбікті өніміне бөлінген кезде 3,3 мм құрайды. Ірі түйіршікті флотацияны қолдану өнімнің сапасын айтарлықтай арттыруға мүмкіндік берді, себебі мөлшері – 1-3 мм хлорлы калий бақыланбайды, шанданбайды және топыраққа енгізген кезде жақсы себіледі; оның агрохимиялық тиімділігі стандартты ұнтақ тәрізді хлорлы калийге қарағанда топырақ пен дақылдар қатары үшін едәуір жоғары. Сонымен қатар, негізгі жабдықтың — ұсақтағыштардың, қоюландырғыштардың, сүзгілердің және кептіргіштердің меншікті өнімділігі ірі түйіршікті материалды алу кезінде өседі. Ірі түйіршікті флотацияның тиімділігі едәуір дәрежеде ұсақтау операциясының көрсеткіштерімен анықталады, себебі кенді құрғақ және сулы ұнтақтау сатыларында қайта ұсақтауды барынша азайту өте маңызды.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінде флотациялық байыту әдісімен хлорлы калий алу Верхнекамск және Беларус кен орындарының кендерін өңдеу кезінде жүзеге асырылады. Көбікті флотация тәсілімен шламдарды бөлу, шламдардың депрессиясы және гидроциклондарда кенді механикалық шламсыздандыру арқылы бөлу схемалары қолданылады. Процестің көрсеткіштері едәуір дәрежеде кендегі шламдардың болуымен анықталады. Сазды қоспалардың құрамының артуымен реагенттердің шығыны күрт өседі және калий шығару дәрежесі төмендейді.

## **2 Титан хлораторларының қалдық балқымаларын өңдеу**

Титан өндірісінің хлоридті қалдықтарын өнеркәсіптік қайта өңдеудің неғұрлым пысықталған тәсілі бағалы металдарды кейіннен бөле отырып, ерітіндіге ауыстыруға негізделген гидрометаллургиялық болып табылады. Титан-магний өндірісінің қалдықтарын өңдеу үшін әртүрлі институттар мен кәсіпорындар әртүрлі технологиялық схемаларды әзірлейді. Бұл схемалардың анықтаушы кемшіліктерінің бірі, олар пульпаны сүзудің технологиялық қажетті жылдамдығын қамтамасыз етпейді. Сүзудің төмен жылдамдығы титанды хлоратордың қалдық балқымаларын шаймалау кезінде құрамында 15-тен 25 пайызға дейін бар темір сияқты поливалентті металдардың гидроксидтері түзілетін және құрамында магний бар қоспалардың еруіне кедергі келтіретін және пульпаның сүзілу ұзақтығын арттыратын гидрогельдер түзілетін темірмен түсіндіріледі.

### **2.1 Бастапқы шикізаттың сипаттамасы.**

Калий хлоридінің көзі ретінде әртүрлі металдардың қатты хлоридтері бар реакциялық массаны білдіретін хлоратордың қалдық балқытпасы қолданылды. Зерттеу үшін "Өскемен титан-магний комбинатының" (ТХҚБ) титан хлораторларының қалдық балқымалары алынды. ТХҚБ, массаның химиялық құрамы. пайыз:  $MgCl_2$  – 9,4;  $KCl$  – 20,0;  $NaCl$  – 15,0;  $CaCl_2$  – 2,4;  $FeCl_2$  – 19,5;  $FeCl_3$  – 5,2;  $AlCl_3$  – 0,76;  $MnCl_2$  – 0,93;  $SiO_2$  – 0,8;  $Cr$  – 0,17;  $TiO_2$  – 1,1;  $C$  – 7,9. ТХҚБ-лары тұрақсыз құраммен сипатталады, бұл хлорлау және конденсацияның технологиялық режимдерінің ерекшеліктерімен байланысты.

### **2.2 Шаймалау процесінің термодинамикалық заңдылықтары**

Технологиялық схемаға сәйкес басында хлоратордың қалдық балқымалары сумен шайылады. Жеке элементтердің фазаларға таралуы (еру мүмкіншілігі) көбінесе олардың термодинамикалық қасиеттерімен анықталады. Алайда әдебиетте шаймалаудің қолайлы жағдайларын бағалау үшін қажетті кейбір хлоридтерді бірге еріту процесінің термодинамикасы туралы мәліметтер жоқ.


Еру процесін иондардың еріткіштің әсерінен ерітіндіге фазалық ауысуы ретінде қарастыруға болады. Бұл ретте ерітін заттың кристалды торының бұзылуы және иондардың гидратациясы орын алады.

Біз үйінді өнімдердің негізін құрайтын бірқатар металл хлоридтерінің фазаларға таралуын (еру мүмкіншілігі) зерттейміз, шаймалау процесінің термодинамикалық бағалаулары берілді. 2 кестеде титан өндірісінің хлоридті қалдықтары болып табылатын тұздардың еруінің термодинамикалық көрсеткіштерінің мәндері келтірілген.

## 2 Кесте – Металл хлоридтерінің еруінің термодинамикалық сипаттамалары

Реакция	Температура кезінде $\Delta G_0$ кДж / г·моль MeCl <sub>n</sub> , К		
	293	323	353
$MgCl_2 = Mg^{2+} + 2Cl^-$	-122.32	-118.6	-113.9
$KCl = K^+ + Cl^-$	-4.56	-6.67	-8.34
